

# ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢАША БАҒЫТ

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтің Қазақстан халқына кезекті Жолдауында жаңа бағдарлама мен әлеуметтік-экономикалық бағыттарда атқарылатын іс шаралар туралы баяндалды. Болашақ жастарымызға, өскелең ұрпақтарымызға «Елдің құндылығы – адам» демекші, Ұлттық қордан 50 % жылдық инвестициялық табысынан әрбір 18-ге толмаған Қазақстан халқы балаларының азамат, азаматшаларына жеке есеп шоттарына аударылатынын, ал жинақталған қаражат үй-баспана мен білім, ғылым алуға жұмсалатыны, халқымыздың игілігіне жұмсалатыны айтылды.

Өскелең жаңа буын өкілдеріне қажетті бағдар-терең білім, кәсіби мамандық даярлау сапасын жоғарылатуға, мамандықтың кәсібилігін өмір талабына сай арттыруға, атсалысуға алып шығу керегін тағы бір айқындап берді. Студенттерге білім алу үшін оқу ақысы 2-3 % жеңілдікпен кредиттер берілетіні көпшілік қарапайым ха-

лық көңілінен шығып отыр. Сонымен бірге жастардың кәсіпкерлік бағамаларына қолдау көрсету тәртібімен жылдық өсім 2,5 % болатын жеңілдетілген шағын несие беретіні атап өтілді. Мұнан бөлек еңбекпен қамтитын түрлі іс шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасқа жұмыс берілетін болды. Бұл ретте мемлекет ел ертеңі – жас-

тарға үлкен үміт артып отыр. Жастардың заман талабына сай білім алумен қатар, шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысуы да аса маңызды екеніне тағы бір назар аударылды.

Жаңа Қазақстанның жаңару мен жаңғыру жолындағы жастарымыз жаңашылдыққа, білімге, ғылымға қарай бет бұрып, тәуелсіз Қазақстанның келешегін кемелдендіру жолында ізденіп, еңбек ету, ұлы көшке бастайтын қарышты қадамдар жасау – бізге міндет.

**Ибрагим  
ТҮТҚЫШБАЙ,  
М. Әуезов атындағы ОҚУ  
Аграрлық  
факультет  
«Ветеринарлық  
медицина»  
кафедрасының  
доценті, в.ғ.к.**